

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Виноградов ауылдық округінің Виноградовка ауылындағы атауы жоқ көшелерге атаулар беру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Виноградов ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 12 ақпандағы № 3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 12 ақпанда № 6003 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес, облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 28 тамыздағы қорытындысы негізінде және Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Виноградовка ауылы халқының пікірін ескере отырып, Виноградов ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса берілген схемалық картаға сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Виноградов ауылдық округінің Виноградовка ауылындағы атауы жоқ көшелерге келесі атаулар берілсін:

- № 1 көшеге – Алтын дән көшесі;
- № 2 көшеге – Сәбит Мұқанов көшесі;
- № 3 көшеге – Жеңіс көшесі;
- № 4 көшеге – Жас өркен көшесі;
- № 5 көшеге – Есіл жолақ көшесі;
- № 6 көшеге – Бейбітшілік көшесі;
- № 7 көшеге – Астана көшесі;
- № 8 көшеге – Желтоқсан көшесі;
- № 9 көшеге – Қарағайлы көшесі.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.


3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Қызылжар ауданы
Виноградов ауылдық
округінің әкімі*

А.Есендыков

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы
Виноградов ауылдық округінің әкімі 2020 жылғы
12 ақпаны № 3 шешіміне қосымша

**Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Виноградов ауылдық округінің
Виноградовка ауылындағы атаусыз көшелерге атаулар беру туралы схемалық
карта**



Виноградов ауылдық
округінің әкімі



Ә. Есендіков